

"Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 484 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 қантарда № 4846 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 95 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 11.05.2016 № 95 қаулысымен (14.05.2016 бастап күшіне енеді).

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына және “Мемлекеттік мұлік туралы” Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Қ.Мұстафаеваға жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

Т. Дүйсебаев

Жалағаш аудан әкімдігінің
2014 жылғы “18” желтоқсандағы
№ 484 қаулысымен бекітілген

“Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзіреті шегінде мәдениет және тілдерді дамыту саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомстволары бар:

- 1) Жалағаш мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің “Жалағаш аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
 - 2) Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің “Жалағаш аудандық мәдениет Үйлері мен клубтар” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
 - 3) Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің “Жігер” мәдени-спорт кешені” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
 - 4) Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің “Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану музейі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
3. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 120200, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі № 7.
10. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық

мемлекеттік мекемесінің жұмыс кестесі: сенбі, жексенбі және заңнама актілерімен бекітілген басқа демалыс және мереке құндерінен бөлек, құн сайын дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін (сағ. 13.00-ден 15.00-ге дейін үзіліс).

11. Мемлекеттік мекеменің толық атауы: “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру аудан бюджетінен жүзеге асырылады.

14. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органның миссиясы негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру

16. Міндеттері:

- 1) ұлттық мәдениетті өркендешу, сақтау, дамыту әрі тарату;
- 2) ауданың мәдени-рухани дамуының жетістіктері мен үлгілерін насиҳаттауға бағытталған мәдени шаралар жүргізу;
- 3) мемлекеттік және Қазақстанда бар басқа да тілдердің қолдануы мен одан әрі дамытылуының тұрақтылығын қамтамасыз ету.

17. Функциялары:

- 1) мәдениет, өнер, тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) тарихи-мәдени мұраның сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) тілдерді қолдану мен оларды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын орындауды жүзеге асыру;
- 4) ауданда мәдениет пен өнердің даму бағдарламасын дайындау, халық шығармашылығы фестивальдарын, айттыстар, семинарлар және басқа да шаралар өткізу;

5) мұдделі мемлекеттік мекемелермен бірлесіп аудан әкімдігінің мәдениет және өнер саласын дамытуға арналған бағдарламаларын жүзеге асыру шараларын қабылдау;

6) достастық мемлекеттерінде және шетелдерде өтетін фестивальдарға, байқауларға және басқа шараларға үздік шығармашылық ұжымдарды, жеке орындаушыларды ұсыну;

7) аудан мәдениеті мен өнері саласының даму жағдайына, мәдениет және өнер мекемелері мен кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасының жағдайына талдау жасау;

Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің “Жалағаш аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары:

1) кітапханалардың барлық білім салалары бойынша кітап қорларын толықтыру жұмыстарын, олардың оқырмандар назарына ұсынылуын, кітапханалардың мәдени-көшілік шараларды өткізуін ұйымдастыру;

2) қоғамның әлеуметтік, азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыру үшін оқырмандардың ұлттық, жас ерекшеліктерін, олардың сұраныстарын есепке алып, жаңа білім алу мақсатында ақпараттық ресурстар қорын толықтыру және жаңарту;

3) кітап қорын есепке алу, барынша пайдалану, сақтау, қамтамасыз ету, санитарлық-гигиеналық және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;

4) ауылдық, аудандық кітапханаларына көшпелі әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету, оқырмандармен жұмыс және әдебиеттерді насиҳаттау мен әдістерінің жетілдірілуіне ықпал ету.

Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің “Жалағаш аудандық мәдениет Үйлері мен клубтар” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының функциялары:

1) концерттік қызметті белгіленген тәртіппен ұйымдастыру, түрлі театрлардың, көркемдік ұжымдардың және жеке орындаушылардың гастрольдерін өткізуге көмектесу;

2) мәдени-шығармашылық қызмет туралы облыстық және аудандық бағдарламаларды, халық шығармашылығын дамыту жөнінде әдістемелік көмекші құралдар мен нұсқаулықтарды, мәдени-шығармашылық және ұйымдастыру жөнінде тәжірибелерді, мәдени-көшілік жұмыстардың жаңа түрлері мен әдістерін тарату;

3) Қазақстан халықтарының халық шығармашылығының дәстүрлі жанрларын насиҳаттау, рухани мұраларды жаңғырту;

4) фестивальдер, конкурстар, семинарлар өткізу және қолөнер шеберлерінің, суретшілердің, фотоөүесқойлардың көрмелерін ұйымдастыру;

5) кәсіпорын мәдени және өзге де ақылы қызмет ұсыну есебінен кіріс әкелетін қызметпен айналыса алу.

Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің “Жігер” мәдени-спорт кешені” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының функциялары:

1) кәсіпорын мәдени-сауықтыру шаралары, спартакиадалар, турнирлер, семинарлар, суретшілер көрмесін ұйымдастыру;

2) кәсіпорын мәдени-сауықтыру жұмыстарына тапсырыс негізінде мәдени-сауықтыру дәстүрлерінің қазіргі уақытқа сай түрлері мен әдістерін дамыту жөнінде мақсатты бағдарламаларды жүзеге асыру;

3) оған заңнамамен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің “Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану музейі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының функциялары:

1) аудан көлеміндегі тарихи-мәдени ескерткіштерді есепке алу және қорғау жұмыстарын ұйымдастыру;

2) материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін құру, зерттеу, жүйелеу жұмыстары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру;

3) тұрақты және жылжымалы экспозицияларды ұйымдастыру;

4) өлке халқының тарихы мен мәдениеті жайлы ғылыми негізделген материалдарды музейлік әдістер арқылы насхаттау жұмыстарын жүргізу;

5) музейде және музейден тыс экскурсиялар мен мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыру;

6) көрмелер мен музейлік мерекелерді ұйымдастыру;

7) аудандағы сәндік-қолданбалы және бейнелеу өнерінің дамуына ықпал жасау, қолөнер шеберлері, суретшілер мен жеке коллекционерлердің шығармашылығын насхаттау.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар беруге;

2) мемлекеттік органдардан, басқа да ұйымдардан, лауазымды адамдардан өзінің міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

3) бөлімнің қарамағындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік басқару органы болуға;

4) өз қызметі жайлы ақпарат таратуға;

5) сотқа талаппен жүгінуге;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

19. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

20. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Жалағаш ауданының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

21. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) Коммуналдық мемлекеттік мекеме бөлімнің жұмысын ұйымдастырады әрі оған басшылық жасайды, бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін жеке жауап береді;

2) Бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттігін белгілейді;

3) Бөлім қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен бөлім қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда бөлімді білдіреді;

6) өз құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;

7) ведомостволық бағынысты мекеме, кесіпорын басшыларын заңнамада белгіленген тәртіппен қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

8) бөлімдегі сыйайлар жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шаралар қабылдайды және сыйайлар жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты болады;

9) гендерлік тенденцияларын жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастырады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

“Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

22. Заңды тұлға мен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның), заңды тұлға мен тиісті саланың уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның), заңды тұлғаның әкімшілгі мен оның еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

23. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

“Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**“Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі”
коммуналдық мемлекеттік мекемесі және оның ведомстволарының тізбесі**

1. Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің “Жалағаш аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2. Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің “Жалағаш аудандық мәдениет Үйлері мен клубтар” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

3. Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің “Жігер” мәдени-спорт кешені” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

4. Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің “Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану музейі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК